

ССРО ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ТАРИХ ИНСТИТУТЫ
ЖӘНЕ М. В. ЛОМОНОСОВ
АТЫНДАҒЫ ЛЕНИН ОРДЕНДЫ МОСКВА МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ЕРТЕДЕГІ ДҮНИЕ ТАРИХЫ КАФЕДРАСЫ

Н. А. МАШКИН

9/37
M32

АРХИВ: К. Р. О. Ф.
АРХИВ: М. Ф. О. М.

ЕРТЕДЕГІ РИМ ТАРИХЫ



*ССРО Жоғарғы білім министрлігі мемлекеттік
Университеттер мен педагогикалық
институттардың тарих факультеттері үшін оқулық
есебінде пайдалануға рұқсат еткен.*

*Қазақша аудармасын Қазақ
ССР Оқу министрлігі
бекіткен.*

ҚАЗАҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ОҚУ-ПЕДАГОГИКА БАСПАСЫ
АЛМАТЫ — 1953


Н. А. МАШКИН
ИСТОРИЯ ДРЕВНЕГО РИМА
(на казахском языке)


Казахское Государственное Учебно-педагогическое издательство
Алма-Ата — 1953

Ответственные редакторы *О. Оспанов, Ф. Р. Абдухальков.*
Техред. *П. И. Якунин.* Корректор *Курмангалиева.*
Переводчики: *А. Нильдибаев, А. Ипмагамбетов, Т. Какишев*

Подписано к печати 30/XI-1953 г. УГ10182. Изд. № 112. Бумага 60×92
Бум. лист. 23,250+1 б. л. карты. Объем 46,5 печ. л.+2 печ. л. карты
Уч.-изд. л. 51,226+2,921 карт. Тип. зн. в печ. лист. 42,5. Тираж 5000 экз.
Цена без переплета 10 руб. 25 коп. Карты черные 2 руб. 35 коп.
Переплет 1 руб. 50 коп.

Алма-Атинская типография № 1 Главиздата Министерства культуры
Каз ССР. Зак. № 713.





КІРІСПЕ

Ертедегі Римнің тарихы антикалық құлиеленуші қоғамдар тарихының бір бөлегі болып саналып және ертедегі Жерорта теңіздік дүниенің ең үлкен, ең маңызды құлиеленуші мемлекетінің шығуын, дамуын және апат болуын зерттейді.

Жалпы алғанда мың жылдан артатын, бірнеше заманды қамтыйтын Рим тарихының мысалынан, ең дамыған, классиктік формадағы құлиеленуші қоғам мен мемлекеттің тууын, дамуын және кері кетуін көруге болады. Рим тарихы ертедегі басқа құлиеленуші мемлекеттердің тарихынан бөлек, оқшау зерттелмеуге тиіс. Рим бүкіл дүниежүзілік тарихи маңызға бірден ие болған жоқ. Мұның басталған кезі ертедегі Шығыстың көптеген құлиеленуші мемлекеттерінің өмір сүре бастағанына талай мың жылдар өткен заманға тура келеді. Кейіннен дүние жүзі мәдениеті тарихынан ерекше орын алған Грецияның мемлекет — қалалары шыққан кезде, Тибр өзенінің бойындағы көп адырды мекендейтін диханшылар мен бақташылар, өздерінің мекендерін жаңа ғана біріктіре бастаған еді және Roma деп аталған кішірек орталық түзген еді.

Бұл кезде Апенин түбегінде және Сицилияда гректердің отарлары болды, ал Жерорта теңізінің оңтүстік жағалауында (Африка жағалауында) финикиялықтардың мекендері болды. Бұларды кейін Қарфаген күшті теңіз державасына біріктірді. Бұл Тартессаның Пиреней түбегінің оңтүстігіндегі күшті мемлекеттің гүлденіп тұрған кезі еді. Рим өзінің дамуының ертеректегі сатысы кезінде Жерорта теңіздік дүниенің басқа құлиеле-

нуші орталықтарымен және сол кездегі дүниежүзілік уақыттармен байланысты болмады, оның саяси қуаттылығы тегең тіндеп көтерілді.

Римнің құлиеленуші қауымының шығуы жағдайларын түсіндіру үшін, жалпы Италиялық Римге дейінгі даму туралы ұғым қажет. Ерекше маңызы бар нәрсе — Этрusc қалаларының және олардың саяси ықпалының Апенин түбегінің Этрusc көрші облыстарға таралу мәселесі. Италия жерінің шешімші бірінші құлиеленуші орталықтар Этрusc және Грек қалалары болды. Жергілікті тайпалардың көпшілігі әлі де болса дүниежүзілік бастапқы қауымдық құрылысы сатысын бастан кешіруді, бірақ дегенмен Италиялық көптеген облыстарда ыдырау процесі жүріп жатты, рулық құрылыстың органдары мемлекеттік органдар болып қайта құрыла бастады. Орталық Италия Лацияның басқа қалаларымен бірге бұл процесті Римде бастан кешіруде еді, Этрuscкілердің өкіметтік үстемдігі бір кездегі заманға да жүріп тұрды. Бұл ертеректегі заманды *патша заманы* атау қабыл алынған, бұл заманның негізгі бейнесі бастапқы қауымдық құрылыстың ыдырауы және мемлекеттің құрылысы заманның соңғы дәуірін Рим тарихының *этрустік дәуірі* атауға болады. Патша заманының басы, шамамен алғанда, біздің эрамызға дейінгі VIII ғасыр делінеді, бұл заманның соңы біздің эрамызға дейінгі VI ғасыр деу қабыл алынған.

Этрuscкілерді қуып жібергеннен кейін және патша өкіметін жойғаннан кейін, Рим республикасының тарихы бастапқы бұл біздің эрамызға дейінгі I ғасырдың соңғы отыз жылғы бас кезіне дейін созылып келеді және үш заманға бөлінеді: бірінші заман — ертеректегі республика заманы (VI ғасырдың ақыры — III ғасырдың 60-жылдары) — бұл Римде өткізіліп келе жатқан құлиеленушілік әдісі қалыптасуымен, Римнің құлиеленуші қауымы халқының екі негізгі ерікті тобы (сословиесі) патрици мен плебейлер күресімен, республикалық құрылыстың негізгі дамуымен және де әуелі Лацияның өз шегінде, сонынан соң Италияда үздіксіз соғыстар болуымен сыйпатталады. Соғыстар Апенин түбегінің Римге бағынуымен аяқталды. Жерорта теңізі бойында ірі державалар құру жөніндегі ірі ішкі іс-тәртіптік әрекеттер де осы кезде істелді. V және IV ғасырда Сицилияның едәуір бөлегі Италиядағы гректің қалаларына үстемдік етуге тырысқан Сиракуздың төңірегіне бірікті. Бірақ ең ірі ішкі іс-тәртіптік бірлестік Карфагендік теңіз державасы болды, бұл ықпалын Батыс Жерорта теңізі бойының бірқатар облыстарына дейін жүргізіп тұрды. Батыстағы қайшылықтардың ошауы V ғасырдың 60-жылдар бойы Сицилия болды, бұл үшін Сиракуз бен Карфаген арасындағы соғыстар жүргізіліп отырды. Төңірегіне бүкіл Апенин түбегін біріктірген Рим 264-жылы Сицилия ісіне араласты. Осы кезден бастап жана заман басталады, *мұны Римнің*

теңізі бойын бағындыру үшін күресу заманы деп атауға болады. Ұзаққа созылған және өте көп қан төгілген, екі жақ кезек жеңісіп отырған, Пуни соғыстарынан кейін Рим Карфагенге қараған жердің бәрін де өзіне бағындырып алды, кейіннен Батыс Жерорта теңізі бойының барлық облыстарын дерлік бағындырып алды. Соғыстардың нәтижесінде Шығыста Рим Греция мен Македонияда берік орнығып алды және оған шейін аса қуатты болып келген Селевкидтердің Сирия патшалығын әлсіретті. Бұл заман Пергам патшалығының Римге қосылып алынуымен аяқталады. Бұл заманның негізгі мазмұны болып табылатын нәрсе өндірістің құлиеленушілік әдісінің нығаюы мен дамуы, бұған соғыстар кезінде қолға түскен соғыс тұтқындарының есебінен құлдардың саны көбеюі себеп болады. Өндіріске құлиеленушілік әдістің ендірілуі Италияда ірі жериеленушіліктің өсуіне апарып соқты, бұл уақ және орта жериеленушіліктің кері кетуін тудырды. Рим саяси құрылысына тән нәрсе сенаторлық шонжарлардың — нобилитеттердің үстемдігі, плебстің оппозициясы тек анда-санда ғана білініп отырды, бірақ сол кездің өзінде-ақ құлдардың алғашқы көтерілістері болды, бұлар бұл кезде әлі де болса қысқа мерзімді болды және шеңбері де шағын болып отырды.

II ғасырдың 30-ші жылдарының басынан бастап, I ғасырдың 30-шы жылдарына шейін созылған заман азамат соғыстарының заманы болып табылады.

Ірі латифундиялардың айналасына құлдардың көп жыйналуы, II ғасырдың бас кезінде-ақ олардың адам айтқысыз қатты қаналуы көтерілістер туғызды, бұлар сол ғасырдың 30-шы жылдарынан бастап құлдар мен құлиеленушілердің арасындағы ұзақ соғыстарға әкеп соқты. Күйзелген шаруалар, үлесінен айрылған қала плебстері радикалдық реформалар жасалуын талап етті және бұл да соқтығысулар тудырып отырды, кейде бұлар да нағыз азамат соғысына айналып кетіп отырды; сонымен қатар сенаторлық (рулық) аристократия мен ақша аристократиясы—салтаттылардың арасындағы қайшылық та шиеленісе түсті. Провинцияларды шектен тыс қанау провинциялықтардың жалпыбұқаралық көтерілістерін тудырды.

Еріктілердің әртүрлі топтарының арасындағы әлеуметтік күрестің шиеленісуі Римнің құлиеленуші республикасының мемлекеттік аппаратының негізін босаңсытты. Біздің эрамызға дейінгі I ғасырдың 70-жылдарының екінші жартысында Спартак бастаған құлдардың орасан зор көтерілісі Рим державасын түп тамырына дейін сілкінтті. Құлиеленушілер күшпен көтерілісті басқанымен, бұдан көп ғасырлар бұрын қалыптасқан саяси құрылыс енді тіпті, үстем таптың тілектерінің өзін де қанағаттандыра алмады. Соғыс диктатурасын орнату мәселесі кезекке қойылды және бұл үшін күрес біздің эрамызға дейінгі I ғасырдың 40—30-

шы жылдарындағы азамат соғыстарына барып ұласты, ал бұл соғыстар республиканың құлауымен аяқталды.

Ертеректегі империяның заманы біздің эрамызға дейінгі сырдың 20-шы жылдарының бас кезінен біздің эрамыздың II ырының соңғы он жылына дейін созылды. Бұл замандағы ның саяси құрылысын *принципат* деп атау қабыл алынған. Б тән сыйпаттар сырттай республикалық формалар сақталды, нында өкімет жалдамалы армияға сүйенген императордың лында болды. Рим қоғамының әлеуметтік негізі бұрынғыша — иеленушілік болып қалды; принципаттың бас кезінде құлиел ші система нығайтылып, римляндар бастапқы қауымдық қ лыстың ізін кездестірген облыстарға да (провинцияларға) т тылды. Азамат соғыстарының тоқтатылуы айырбастың даму көмектесті, қолөнер өндірісінің күшеюіне себепші болды, өнері өндірісі әсіресе провинцияларда күшейе түсті. Про циялық өзін-өзі басқаратын қалалар өсіп дамый берді, б әсіресе Батыста, провинцияларда құлиеленуші қатынастар таралуына көмектесті. Сенаторлық шонжарлармен жиі жан дасып қала беретін императорлар Италияның муниципалдық жарларын және провинцияның аристократтарын сүйеніш е тырысты. Бүкіл империяның өнбойында үстемдік етуші құли нуші уклад болды, бірақ I ғасырдың орта шенінің өзінді кризистің белгілері байқала бастады, латифундиялар ұсақ берді, кішірек учаскелер уақ өндірушілерге — колондарға а даға берілетін болды.

Империяның сыртқы саясаты біртіндеп шабуылдаушы саттан қорғанушы саясатқа айналды. Тек жеке император ғана шабуыл соғыстарын жүргізуге тырысты. Алайда б экономикалық және әлеуметтік саяси системаның кризис шиеленісе түсуі, римляндар варварлар деп атаған көптеген палардың сырттан жасаған қыспағының күшеюі, мейлінше, лана күш жұмсауды талап етті. Римнің қоғамдық және с құрылысының барлық қайшылықтары біздің эрамызда III ғ рдың орта шенінде ерекше күшті сезілді. Бірқатар провин лар Империядан бөлініп кетті. Көптеген облыстарда халық дың қаналушы топтарының көтерілістері болды.

III ғасырдың 70-ші жылдарынан бастап көтерілісшілердің сылығын басу, варварлардың басып кіруін тоқтату, орта өкіметті нығайту жөнінде шаралар алынды, бірақ бұл жөн аздаған табыстарға қол жеткен кез—80-шы жылдардың орта ні. Бұл кезден бастап *кейініректегі Империяның заманы* ба лады. Диоклетиан мен Константиннің реформаларының нәт сінде, императорлардың өкіметі күшейді, олар бұл кезде и рияның тежеусіз билеушілері болды. Алайда өндірістің құли нушілік әдісі терең кризиска ұшырауда еді, колонат бір бірге кеңінен тарала берді және де мемлекет аса ірі жер иел

шілердің мүддесін көздеп колондарды жерге бекітіп отырды. Сөйтіп құлиеленуші қоғамның өз ішінде біртіндеп феодалдық қатынастардың элементтері түзіле бастады, бұлар әсіресе біздің эрамыздың IV ғасырының ақырында және V ғасырдың бас кезінде күшейе түсті. Өндірістің құлиеленуші әдісінің кризисі құлдардың революцияларына әкеліп соқты, бұлар шабуыл жасаушы варварлармен бірлесе әрекет етті. «Құлдардың революциясы құлиеленушілерді жойды және еңбекшілерді қанаудың құлиеленушілік формасын жойды»¹. 476-жылы Батыс Рим империясы құлады. Шығыс империя (Византия) ірі мемлекеттік бірлестік ретінде сақталып қалды; феодалдық формацияларға өту үшін мұнда басқаша жағдайлар түзілді. V ғасырдан бастап Византия әртүрлі славян халықтарымен және тайпаларымен қатынасын үзген емес, арада кейде бейбітшілік, кейде соғыс болып отырды, бірақ славян халықтары мен тайпалары византиялық феодализмнің дамуынан үлкен орын алды.


Мәдениет тарихына Рим едәуір мұра қалдырды. Рим мәдениеті әуелі дербес дамыған жоқ. Этрускилер мен гректердің ықпалы өте күшті болды, бірақ біздің эрамызға дейінгі I ғасырдың аяқ шенінен бастап мәдени өмірдің барлық салаларында дерлік римляндар өте тамаша ескерткіштер жасады, бұлар әртүрлі шет жерлік ықпалдарды жеңіп, олардың орнына *Римнің жаңа мәдениетін* құрғанын көрсетеді, бұл мәдениет антика мәдениетінің дамуының ерекше стадиясы болып табылады.


Рим империясының құрылуы, ертеректе өткен өзге халықтардың, ең алдымен гректер қалдырып кеткен мәдениет мұраларын кең түрде таратуға себеп болды: мәдениеттің кейбір салаларында римляндардың өздері де шығанда бір кездесетін үлгілерге ие болды. Римнің сәулетті алып құрылыстарының қалдықтары осы уақытқа дейін сақталып келген; римляндар шығарған көптеген терминдер (атаулар) осы заманғы европалық тілдердің бәріне енді; латын тілін, Рим ақындары мен прозаиктерін үйрету көп уақытқа дейін мектеп білімінің негізі болды. Барлық романдық тіл деп аталатын тілдер (француз, италия, испан тілі т. т.) латын тілінің базасында дамыды. Римнің юриспруденциясы ғасырлар бойы теңдесі жоқ деп саналды және Рим заңының догмалары (даусыз жобалары) осы заманғы европалық мемлекеттердің заң шығару тарихынан ерекше орын алды.

Рим тарихының соңғы ғасырлары сонымен бірге ертедегі құлиеленуші дүниенің тарихының аяқталуы болды. Одан кейінгі дәуірлерде, орта ғасырлар заманында ерекше орын алған қатынастар міне осы заманда түзілді. Сөйтіп Рим тарихы, құл-

¹ И. В. Сталин, Ленинизм мәселелері. III басылуы, 412-бет.

иеленуші қоғамдық формацияның дамуы тарихының қортынды дәуірі болып табылады, бұл оны дүние жүзі тарихының аса маңызды буынының бірі етеді және оны әржақты зерттеп үйренуді қажет екендігін анықтап береді.





БІРІНШІ БӨЛІМ

ЕРТЕДЕГІ РИМНІҢ ДЕРЕКТЕМЕСІ МЕН ТАРИХНАМАСЫ

1 ТАРАУ

РИМ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕКТЕРІ

Ертедегі Римнің тарихы антикалық заманда-ақ зерттеле бастады. Біздің эрамызға дейінгі III ғасырдың өзінде-ақ Рим тарихын системалы түрде баяндауға талап етушілер болды. Бұл кездің жазушыларының шығармалары біздің уақытымызға шейін келіп жеткен жоқ, бірақ сол жазушылар шығармаларының негізінде құрастырылған өте ерте уақыттан бергі Рим тарихын баяндайтын, біздің эрамызға дейінгі I ғасырға жататын тарихи шығармалар сақталып келді. Бұрынғы өткен кезге көңіл бөлу Рим тарихының бүкіл бойында орын алып келді, тіпті, мәдениеттің барлық тарауы да кері кеткендігі байқалған кейініректегі Империя заманынан бізге келіп жеткен, Рим тарихына байланысты, шығармалар бар. Антика авторларының тарихи шығармалары біздің ертедегі Римнің тарихын зерттеуіміздің басты дерегі болып табылады. Бұлардың маңызы; бүкіл Рим тарихы уақыттарына байланысты баянын береді, біздерге көп фактыларды айтып және бұларда өткен уақыттарды түсіндіруге тырысушылық та бар. Тарихи шығармалармен қабат Рим заманының басқа әдеби ескерткіштерінің де маңызы зор (көркем әдебиет шығармалары сөздер мен хаттар және уақыттардың кезінде болған адамдардың басқа шығармалары, заң жөніндегі шығармалар, діни сыйпатты шығармалар), бұлар да біздің кезімізге шейін тарихи шығармалар сыяқты көбіне орта ғасырлардағы қолжазбалар түрінде келіп жетті. Соңғы кезде археология мәліметтерін зерт-

теуге және де жазбаларды, ақшалар мен папирустарды зерттеуге көңіл бөлінді. Рим тарихының деректерін классификациялау, оларды интерпретациялау әдістерін системаға келтіру, олардың нағыз түп нұсқаның өзі екендігіне және дұрыстығына байланысты мәселелерді шешу жеке пән болып құралын отыр, бұл — *Рим деректемесі*, мұнымен таныспай тұрып— ертедегі Римнің тарихын зерттеу мүмкін емес.

Ең қыйыны—Рим тарихының тым ертедегі дәуірлерін зерттеу. Ертедегі римляндардан гректің «Илиада», «Одиссея» поэмалары сыяқты халық творчествосының ескерткіштері келіп жеткен жоқ, ал Римнің ертеректегі өткен кезінің уақытталары тарихи шығармалардан ғана мәлім, бұлар жоғарыда көрсетілген сыяқты, біздің эрамызға дейінгі I ғасырға жатады және де бұл шығармалардың авторлары документтік мәліметтерді (түп нұсқаларды) өте сирек пайдаланған. Өздерінен бұрын өткендердің шығармаларын негізге ала отырып, олар тек содан біраз бұрын жасалған *римнің тарихтық дәстүрін баяндайды*. Бұл дәстүрдің қалай жасалғандығы туралы мәселе—қазіргі тарихнамадағы ең күрделі мәселенің бірі. Римнің алыстағы көне заманына жататын әңгімелерде, ақыйқат нәрселер аңыздармен және ойдан шығарылған нәрселермен аралас келеді және бұл тарихи дәстүрдің құндылығы қандай деген мәселені шешу үшін, мұның шығу процесі туралы түсінік алу қажет.

Алдымен бұл дәстүрге негіз болатын *документ-Римнің алғашқы жылнамасы және Рим дәстүрінің шығуы.* *тік мәліметтер* қандай деген мәселе келіп шығады. Жазу — сызу Римде VI ғасырда пайда болды, бұл кезден кейбір жазулардың сақталуы да мүмкін еді, бірақ ертедеті жазулардың ізі мүлдем сақталмаған. Ең алғашқы ресми документтердің бірі *календарь*, мұны Римнің абыздары—*понтификтер* жүргізіп отырды. Бұл календарьға *dies fasti*, яғни жыйылыс шақырылатын, сот жасайтын, қандай да болса азаматтық істерді жүргізуге болатын күндер және *dies nefasti* — дін тұрғысынан қарағанда бұларды істеуге тыйым салынған күндер жазылып отырды. *Жыл санаудың да* календарымен байланысты болғаны табиғи нәрсе. Ертедегі римляндарда жыл санын содан бастап санайтын эралары болған жоқ (жылды «римнің негізделуінен» бастап санау көп кейін пайда болды, бұл—Римнің антикварлары ойлап шығарған нәрсе және ресми түрде Римде ешуақытта да қолданылған жоқ). Республика заманында жылдар жоғарғы қызмет адамдарының—консулдардың атымен аталатын. Бұл тізімдер консулдық фасталар деп аталады (*fasti consulares*). Қызмет адамдарының басқа тізімдері де болды (*libri magistratum*) кейбір мәліметтерге қарағанда, бұлар «кендір кітаптарға» жазылған (*libri lintei*) және Юнона Манета храмында сақталулы. Және де триумфалдық фасталарда жазылып отырған, бұларда Рим қолбасшылары жаса-

ған триумфтер жазылған. Рим тарихнамасында консулдық фастыларға ерекше маңыз беріледі, өйткені бұлар календарьмен қосылды және жыл санаудың негізі болды. Консулдық фастылар қай уақыттан бастап жазыла бастады және олардың ақыйқаттығы қандай деген мәселе келіп туады. Бізге консулдардың тізімі мәлім, бұлар бір жағынан тарихшылардың шығармалары бойынша қалпына келтіріледі, екіншіден эпиграфиялық мәліметтер бойынша қалпына келтіріледі, бұл Республиканың бірінші жылынан, яғни 510 немесе 509-жылдан басталады. Бұл тізімнің ақиқаттығы туралы әртүрлі пікірлер бар. Тізімнің қайта өңделгендігі даусыз. Мәселе мынада, алғашқы кезде республикалық қызметтерге тек патриций руынан шыққандар ғана қойылды және тек IV ғасырдың 60-шы жылынан бастап консулдардың бірі плебейлерден сайланатын болды. Бай плебейлер өздерінің біліктілігін, ата-тегінің ертеден келе жатқандығын дәлелдеуге тырысты, осыдан барып көрнекті плебей руларының атымен аттас патшалар туралы аңыздар келіп шықты; 300-жылы плебейлер понтификтер коллегиясына ендірілгеннен кейін консулдық фастыларға да «түзету енгізілді», Юнийлер, Аквийлер, Кассийлер, Генуцийлер плебей руларының және басқа уәкілдері тізімге міне осылай енгізілді. Фастының фальсификациялануы даусыз, бірақ солай бола тұрса да, *негізінен алғанда, фастылар шындықты* көрсетеді: фастылардағы интерполяцияны және олардың 486-жылдан бастап 364-жылға дейін хронологиялық дәлді еместігін сөз қылуға болады, бірақ 364-жылдан бастап жоғарғы магистраттар туралы мәліметтерге онша күмәндануға болмайды.

Календарьмен қоса алғанда консулдық фастылар тек қана Римнің жыл санауының негізі болып қойған жоқ, Рим жылнамасының да негізі болды, өйткені бұларда Рим тарихының ерте-ректегі заманының өзінде-ақ, тарихи жазушылар пайда болудан көп бұрын, понтификтер коллегиясының бастығы, ұлы понтифик, өз көзқарасының тұрғысынан қарағанда тамаша деген уақығаларын жазып отырды: әртүрлі ырым белгілерді (бұларға жататындар күн мен айдың тұтылуы болды), ерекше мейрамдарды, соғыстарды, астықтың бағасының артуын т. т. жазып отырды. Бұл Римнің тарихын баяндайтын ең ертеректегі жанры болды, бұған ұқсас нәрселерді басқа халықтардан да табуға болады. Жыл сайынғы жазу анналдар (annales) деп аталды, яғни жылнама жазушылар деп аталды. Рим антиквары Фестың түсіндіруі бойынша, бұлар ұлы анналдар (annales maximi) деп аталған, олай дейтіні бұларды ұлы понтифик (pontifex maximus) жазып отырған.

Жыл сайынғы жазулар IV ғасырдан бастап жазыла бастады, V ғасырдан бастап жазыла бастауы да мүмкін. Алғашында бұл қай заметкалар болды, бірақ біздің эрамызға дейінгі 320-жылдың шамасында ұлы понтифик жазулар жазып отыру туралы

ресми тапсырма алды және содан былайғы жерде бұл жазулақ тақтаға жазылып (*tabulae pontificum*), ресми түрде Патша райына (*Regia*), Форумға қойылып отырды, ұлы понтифик құрмандық шалатын жері, тұрағы осы ара болатын. IV ғасырдың ақырында понтификтер ерекше уақыттар туралы жиі сайынғы жазулармен қанағаттанбай, өткен кездердегі жазулардың кеміс жерлерін толықтырды. Бұл қайта өңделген және толықтырылған жыл сайынғы жазуларды біздің эрамызға дейін 130-жылдың шамасында ұлы понтифик Публий Муций Сцево «Ұлы жылнамалар» деген атпен (*Annales Maximi*) 80 кітап етіп бастырып шығарды. Цицеронның сөзіне қарағанда, бұл Рим қаласының орналған кезінен басталған. «Ұлы жылнамалар» Рим тарихының басты дерегі болып келді. Римнің ақындары мен тарихшылары Муций Сцевола жариялағаннан кейін де және оған кейін де жылнаманың мәліметтерін пайдаланып отырды.

Бірақ жылнамалардың тек понтификтердің заметкелерін құралмағанын да көреміз. Бұларда, алыстағы патшалар заманы деп аталатын кезге қатысты, көбінекей аңыз сыйпатты мәліметтер де ұшырап отырады. Бұл аңыздар бір жағынан Рим эпопееінің жемісі болды, XIX ғасырдағы кейбір буржуазиялық тарихшылары сыяқты, эпостың болғандығын бекер деуге болмайтын екінші жағынан бұлар әртүрлі қыялдардың нәтижесі болып келеді. Бұл аңыздардың кей бөлегін өздерінің ата-бабаларының даңқын көтеруге тырысқан атақты тұқымдар ойдан қосқан. Мынамен қабат, ертеректегі заманның өзінде-ақ Грек және Рим тарихын Троян соғысына дейін алып баруға тырысушылық болды, бұл соғыс көптеген Грек қалаларының тарихының басталған кезеңі болып саналды. V ғасырда Грек тарихшысы Гелла Лесбосский Римді орнатушы Трояндық Эней деп жазды, ал оның өзі Энейдің нөкерінде болған Рома деген әйелдің атымен аталған деді. Жалпы қабылдаған пікір Эней туралы аңыз грек компиляторлары шығарған, содан Италияға келген деп біздің көз қарасымыз тұрғысынан, жақында табылған Этруск статуарлық группаның үлкен маңызы бар, бұл стилі жөнінен IV ғасырдың ақырына және V ғасырдың басына тура келеді. Бұл әңгімесі Анхизды көтеріп келе жатқан Энейді көрсетеді (28-сурет) бейнесі, тегі, VI ғасырдың өзінде-ақ, оңтүстік италиялық және кампаниялық гректердің ықпалымен этруск-римдік стиліне тада Италияға келген Трояндық Эней туралы аңыз келіп шықты. Кейіңнен *Roma* (Рим) деген сөзді түсіндіру үшін этиологиялық миф жасалады, бұл миф бойынша қалаға қаланың негізін салушының аты қойылған, оның аты Ромом (*Romos*) екені; екінші бір версияда аты Рамула (*Romulus*) делінеді; ақырында бұл версия қосылып, Рим қаласының негізін салушылар Ромула мен Рема туралы түсінік жасалады. Бұларды әртүрлі халықтық аңыздармен байланыстырады, бұларды қасқыр (немесе қаншық к

қыр) кездестіреді, бұлардың арғы негізі тым ертедегі тотемикалық нанымдармен ұштасып жатады. Ромула мен Реманы емізіп өсірген қаншық қасқыр туралы аңыздың шығуын антикварлардың жай ойдан шығарған нәрсесі деуге болмайды. VI ғасырдың бас кезіне тура келетін қаншық қасқырдың суреті сақталып қалулы, III ғасырдың бас кезіндегі Рим-Кампания ақшаларында да екі жас баланы емізіп тұрған қаншық қасқырдың суреті бар. Бұл Ромула мен Рема туралы аңыздың көп тарағандығын көрсетеді. Бұл ақшалар анналистер мен ақындардан көп бұрын шыққан. Бұларға егерде бүкіл халықтық маңызы болмағанмен де, аз дегенде Рим қоғамының үстем таптары қабылдаған сюжеттер ғана салынуы мүмкін және бұлар ертеректегі заманда шыққан.

Дәстүрлерге жеке сыйпатты документтердің де әсер еткендігі даусыз. Рим тарихының ертеректегі заманының өзінде-ақ *элогиялар* (elogia) — қысқа жазулар шықты, бұлар өлгеннен кейін атақты адамдар туралы жазылатын болды. Осындай элогия жазылған, ең ертеректегі жазу. Үшінші Самнит соғысы кезінің қолбасшысы, біздің эрамызға дейінгі 298-жылдың консулы Луций Корнелий Сақалды Сципионның ескерткішінде сақталып қалулы. Жерлеу кезінде өлген адамның игі істері айтылып сөз сөйленетін (laudationes) болған, бұларда жазылып, сақталып келеді. Бұл мақтаулар мадақтаушылық сыйпатта болды, бірақ тарихнамаға бұлар да әсер етті. «Осы мақтаулардан, — деп жазады Цицерон, — біздің өткен кезіміз тарихи қателермен толып кетті; тарихқа ешуақытта да болмаған уақығалар қойылды, тек қыял жүзіндегі триумфтер көптеген консулаттар, плебейлік болып кеткен патриций рулары туралы жазған мәліметтер қосылған»¹. Тіпті сенгіш автор Тит Ливийдің өзі былай деп жазды «жаназа кезіндегі сөздер және ата-бабалардың суретінің астына жазылған жалған жазбалар тарихты бүлдіріп жіберді: әр ру, жұртты адастыратын жалған сөздермен соғыста көрсетілген батырлықты және қызмет бабындағы даңқты өз руына апарып тағады»².

Бұрын Рим тарихымен айналысқан римляндардың өздері емес, гректер болды. V ғасырдың өзінде-ақ Гелланик Лесбосский Римді атап өткеніне біз жоғарыда тоқтадық; кейіннен Римнің өткен кезі туралы көбінекей Сицилия гректері жазды. Кейініректегі авторларда кездесетін мәліметтерге қарағанда, тарихшы гректер Римнің шығуы мәселесімен шұғылданған және де әдетте әржаққа жүгіртіп айтатындары трояндықтардың ауып келуі туралы миф болған. Гректер сонау алыс кездерде Рим жерін мекенде-

¹ Cicero, Brutus 16, 62.

² Livius VIII, 40.

ген халықтар туралы да жазады. Бұл шығармалар едәуір дәрежеде ойдан шығарылған нәрселерге негізделеді, бірақ кейін мұны бәрі Римде мәлім болған кезде грек білімінің ықпалындағы топтар бұларды сене қабыл алды.

Біздің эрамызға шейінгі III ғасырда Рим тарихы жөнінен көптеген материалдар жыйналды: жылнамалар (annales), абыздардың жазулары (Commentarii) бұларда діни жораларға қатысты әртүрлі материалдар болады, шарттар мен заңдар жеке жазулар, элогиялар, жерлеу үстінде айтылған сөздер, грек шығармалары, Римнің өткен кезі туралы тарихи баяндаулар т. т. Ертеректегі кезге қатысты бүкіл материалдар түгел сақталған жоқ. 387-жылы Галл өрті Римді мүлдем жайпап кетті: храмдар және қоғамдық үйлер жанып кетті, маңызды документтер осыларда сақталатын еді (мысалы, Regia понтификтердің архивы де осында еді). Бірақ антикалық тарихшыларының қолында мыс тақтаға ойып жазылып, көрнекті жерге іліп қойған документтер, Капитолий және басқа аман қалған храмдарында сақтаулы және кейбір жеке адамдардың жазулары қалды.

Римде өз отанындық тарихнама жасала бастаған кезде, ертедегі Рим тарихы жөніндегі материалдың күйі осындай еді. Тарихнаманың жасала бастаған кезі. Бірінші Пуни соғысынан кейінгі кез Римнің аса қуатты жауын жеңіп шыққан кезінен соңғы уақыт; Римнің үстем таптарына қаһармандық болып көрінген бұл күрестің жайын баяндау қажет болды және бұл қаһармандық эпопеяны Римнің өткен кезі туралы мәлім уақытгалармен байланыстыру қажет болды, бірақ мұны римляндардың бірде-бірі әлі жүйеге салған жоқ еді.

III ғасырдың
ақындары және
аға анналистер

Кампанийде туған *Гней Невий* (біздің эрамызға дейінгі 274—206-жылдар) өзі қатысқан бірінші Пуни соғысын тұңғыш рет өлеңмен жазып шықты. Невий бұл шығармасының бірінші бөлімінде Римнің шығуы туралы қысқаша мәліметтер береді. Бұдан біраз кейін Рим тарихының әңгімелерін гекзаметрмен баян етіп, ақын *Квинт Энний* жазды (біздің эрамызға дейінгі 239—169-жылдар). Эннийдің «жылнамасы» Энейден бастап, ақынның өз тұсындағы заманға дейін келеді. Эннийдің патриоттық рухта жазылған «жылнамасын» римляндар жоғары бағалады. Невий мен Эннийдің поэмалары біздің күндерімізге дейін келіп жеткен жоқ. Бұлардан тек кейініректе болған авторлардың шығармаларындағы үзінділер ғана келіп жетті. Римнің өткен кезіне арналған тұңғыш прозалық шығарманы даңқты римлян, әрі консул, әрі понтифик *Квинт Фабий Пиктор* (біздің эрамызға дейінгі III ғасырдың аяқ шені) грек тілінде жазып шығарды. Оның шығармасы «жылнама» деп аталды, өйткені онда уақытгаларды баяндаудың жыл қуалаған тәртібі пайдаланылды. Фабий Пиктордың хикаясы Италияда Энейдің пайда болғаны туралы әңгімеден баста-

лып, екінші Пуни соғысындағы уақығалардың барысын баяндауымен аяқталады. Фабий Пиктор грек деректемелерімен жақсы таныс болған, алайда ол латындық деректемелерге де көп көңіл бөледі. Ол фастылардан консулдар билеген жылдарды алады, уақығаларды солар бойынша баяндайды. Көп мәліметтерді ол понтификтердің оған шейін жарияланбаған жылнамаларынан алады. Фабий Пиктордың Рим семьяларында сақталып келе жатқан ауызекі аңыздар мен жеке адамдардың архивтерін пайдаланғаны да күмәнсіз. Фабий Пиктор Рим анналистикасының басталуына негіз салды. Оның өзі және одан кейін соның жолын қуғандар, әдетте, *аға анналистер* деп аталады. Олардың шығармалары Римнің өткен кезін білгісі келген азғана Эллиндер тобы мен грек тілін білетін Рим мемлекеттік қайраткерлеріне және Рим тарихының мәліметтерін керек еткен іс жүзілік мақсаттарға арналған болатын.

Ірі саяси қайраткер *Марк Порций Катон Старший* да (біздің эрамызға дейінгі 234 — 149-жылдар) аға анналистердің қатарына қосылады. Ол Рим тарихын тұңғыш рет латын прозасымен баяндады (оған дейін анналистер грек тілінде жазған). Катонның «Ата тектері» (*Origines*) Рим тарихын, оның ең алғаш негізі салынған кезінен бастап баяндайды. Катон өзінен бұрын өткендердей емес Риммен қатар Италияның басқа қалалары туралы да баяндайды. Катонның тарихи еңбегі сақталып жеткен жоқ; бізге оның Римнің жер мәселесі жөніндегі тарихын зерттеу үшін зор маңызы бар «ауыл шаруашылығы туралы» трактаты ғана толығымен келіп жетті.

Катонның үлгісі Рим тарихнамасы үшін өте маңызды болды. Оны латындақ тарихи баяндауларды жасаушы деп атауға болады.

Латынша жазған басқа аға анналистерден, белгілілері Луций Кассий Гемина және Луций Кальпурний Пизон Фруги.

Кейбір Аға анналистердің шығармалары бір жағынан түп нұсқаларды зерттеуге негізделді және анналистер кезінде жақын уақығаларды дұрыс баяндайды; ал ертеде болып өткен уақығаларды суреттеуге келгенде, олар өз шығармаларына, грек авторларының шығармалары мен ауызекі әңгімелерден алған аңыздық материалдарды енгізіп отырады. Соңғылардың ішінен *этиологиялық мифтер* дейтұғындар үлкен орын алады, бұл мифтер ұғымсыз ескі атаулар мен әдет-ғұрып және құрылыстар жөнінде түсінік беру үшін шығарылған (мысалы, Ромул туралы аңыздар Рим деген сөзге түсінік беру үшін шығарылған болуы керек).

Аға анналистер аристократтық топтардан шыққандар еді. Олар жеке руларды мадақтау, көтермелеу үшін істелген, Рим тарихын бұрмалауды толық сене қабылдап отырды. Көптеген

тарихи ақпарларды өңдеуге гректің тарихи шығармалары ықпал етті. Рим тарихының кейбір уақытталары Грек тарихының сондай эпизоттарына ұқсата баяндалды (Римнің этрустардың Вейями қаласымен он жыл бойы күрескені туралы баяндаулар Трояны он жыл бойы қамап жатуға ұқсата айтылуы да толық мүмкін).

Аға анналистер дәйекті римдік көзқарасты жақтаушылар болды. Римляндардың жеңістері асыра мақталып, сәтсіздіктері кішірейтіліп көрсетілді. Олар Римнің саяси маңызы ең алғаш салынған кезінен-ақ зор болатын, сол кезде-ақ ол біздің эрамызға дейінгі III ғасырда жеткен дәрежесінен кем болған жоқ деуге дейін барды. Сөйтіп, ақындар мен аға анналистер Римнің өткен кезі туралы түрлі мәліметтерді жүйелеп, жазып алады. Бірақ олардың әңгімелерінде ақиқат шындықпен қатар аңыздар мен жорамалдар да аз емес. Олардың шығармаларынан бізге тек мардымсыз үзінділері ғана келіп жетті.

Полибий

Біздің эрамызға дейінгі II ғасырда грек тілінде эллинистік тарих үшін де, Рим тарихы үшін де ерекше маңызы бар аса көрнекті тарихи шығарма жазылды. Оның авторы Полибий біздің эрамызға дейінгі 200-жылдары Аркадияда туады. Ол Грецияның саяси өміріне қатысады және Ахей одағының басшыларының бірі болады. Үшінші Македония соғысынан кейін Полибий аманат есебінде Римге жіберіледі. (Біздің эрамызға дейінгі 166 ж.). Риммен танысу және Рим ақсүйектерінің уәкілдерімен жақындасу Полибийдің саяси көзқарастарына әсер етеді: ол римляндардың жауы болуды қойып, қайта Грецияда Рим үстемдігін орнатуды жақтаушы болып шығады. Римде он алты жыл тұрғаннан кейін, оған өз отанына қайтуға право беріледі. Бірақ Полибий Грецияда көп тұрмайды. Ол жиі-жиі кезіп кетеді де, талай рет Римге қайта оралып жүреді. Римляндар Карфагенді қыйратқан кезде ол Сципион Эмилианмен бірге Африкада болады. Коринф қыйратылғаннан кейін (біздің эрамызға дейінгі 146-жыл) Полибий жеңімпаз римляндардан жеңілгендерге жеңілдіктер алып береді, ол үшін оны Грецияның көп қалаларында мадақтап, көтермелеп әкетеді. Полибий біздің эрамызға дейінгі 120-жылдардың шамасында қайтыс болады.

Полибийдің «жалпы тарихы» біздің эрамызға дейінгі 264—146-жылдардың арасын қамтыйды және жеке бір халықтың немесе мемлекеттің тарихы емес, дүние жүзі тарихын жазуға талаптану. Полибий «Италия мен Ливия уақытталары белгілі бір уақытта барып Азия мен Эллиндік уақытталарға ұласады, сөйтіп бәрі келіп бір ақырға тіреледі»¹ деп санайды. Ал бұл ақыр деп ол, римляндардың бүкіл Жерорта теңізі бойындағы халықтарды бағындыруын айтады. Бұл — римляндардың жеңуі даусыз және

¹ *Polubius historiae*, 1, 3, 4.

сонымен қатар ол басқа халықтар үшін игілікті іс болады дегенді дәлелдегісі келген Полибий шығармасының басты идеясы. Бұл шығарма, бұның еңбегінің жарыққа шығуынан біраз бұрын дербестігінен айырылған Полибийдің отандастары үшін жазылған.

Полибий саяси тарихқа ерекше көңіл аударады (әлеуметтік және экономикалық тұрмыспен көп шұғылданбайды). Ол түрлі елдердің саяси құрылыстарына зор маңыз береді. Полибий басқарудың түрліше саяси формалары ақылға сыйымды түрде, орайласып келетін сыйпатын артықша бағалайды. Оның пікірінше, басқарудың мұндай идеал сыйпатына, монархиялық, аристократиялық және демократиялық бастамалардың орайласып қосылған түрі — Римнің мемлекеттік құрылысы жақын келеді. Полибий, римляндардың саяси және соғыс жөніндегі жеңісінің кілті осында деген қорытындыға келеді.

Полибийді «қоғамның органикалық дамуы» деп аталған теорияның алғашқы уәкілдерінің бірі деп айтуға болады. Полибийдің пікірінше әрбір мемлекет «жаратылыс тәртібі» бойынша дамып, басқару формалары өзгеріп, қайта туып ежелгі сыйпатына қайта оралмақ. Бұл сыртқы әсердің салдарынан да, «іштен бұзылу» салдарынан да болуы мүмкін.

Полибий өзінің аристократиялық көзқарастарын жасырмайды; бұл әсіресе демократияны сыйпаттағанда айқын көрінеді, оның пікірінше демократия заңсыз анархия мен тиранияға барып ұласуы мүмкін. Полибийдің пікірінше Греция қалаларының іштен іруі, римляндардың Грециядағы жеңістеріне себеп болған. Олардың жеңістерін даусыз деумен қатар, ол бұл жеңістерді «Дағдырдың ең тамаша және игілікті ісі»¹ — деп санайды.

Уақығалардың себептері мен сылтауларын айыра отырып, Полибий тарихи құбылыстарды өзара байланысты жағдайында қарауға тырысады. Өзінің баяндауын документті мәліметтермен дәлелдегісі келгендіктен Полибий әртүрлі деректерге сын көзімен қарады. Ол өз көзімен көргендерге де әр қашан сене берген емес, «құлақ естігеннен көрі, көз көргенге көбірек сену керек»² дейді ол. Полибий тарихшының өз тәжірибесіне зор мән береді, ол тарихшыға зор талаптар қойылуы керек: тарих жазатын адамдар тақырыптарын терең біліп, соғыс және саясат істерінде ысылған, тәжірибелі адам болуы қажет, түрлі елдерді аралап шығып танысуы керек деп санайды, Полибий белгілі ескертумен дағдырдың ролін де мойындайды, бірақ ол құбылыстарды тарихшы, құдайдың құдіретімен болған нәрсе деп санамай, олар

¹ *Polub*, 1, 4, 4.

² *Polub*, XII, 27, 1.

дың шын себептерін талдап түсінуі керек деп санайды. Полибий көрнекті жеке адамдардың тарихи роліне де зор мән берді. Оның пікірінше Сципион Старший, Ганнибал, Фламиний Персей — саяси уақығалардың барысын анықтап берген адамдар болып табылады. Римляндар Сиракузаға шабуыл жасаған кезде қаланы тез басып аламыз деп ойлады, өйткені олардың жұмысшы күштері көп болатын. «Алайда олар Архимедтың өнерін ескермеді, кейде бір адамның дарындылығы самсаған қалың қолдан да көп ғамал істей алатындығы олардың ойына келмеді».¹ Полибийше халықтың тарихи дамуына және оның салтына жаратылыс жағдайлары да әсер етеді. Полибийдің пікірінше тарих іс жүзіндегі мақсаттарға қызмет етеді: ол адамдарды оқытып, тәжірибелерін байытып, өткен кездің тәжірибелері бойынша болашақты болжап отыруларына көмектесуі керек. Полибий өзінің кітаптарын мемлекет қайраткерлеріне арнай отырып, тұңғыш рет «Прагматикалық тарих» деген түсінікті енгізді және бұл тарих халықтар мен монархтардың «әрекеттерін» (грекше — *πραξις*) баяндау дегендік еді.

Полибий уақығаларды хронологиялық тәртібі бойынша баяндайды, бірақ әртүрлі елдер мен облыстардың тарихын қамтығандықтан, кейде бастапқы даталарға қайта оралып отыруына тура келеді. Полибийдің баяндауы мәнерлеуден де сау емес, бірақ солай бола тұрса да ол тек баяндауының қызықты болуымен ғана әуестенетін тарихшыларды сөгіп отырады.

Антика тарихнамасының өзгешеліктерінің бірі тарихи қайраткерлердің сөзін еркін композициялау болды. Сөздердің мұндай еркін құралуы Полибийде де бар, бірақ бұл әдісті қолдануда антиканың басқа тарихшыларындай көп қыянат жасамайды.

Полибийдің еңбегі Рим тарихының біздің эрамызға дейінгі III ғасырдың аяқ шенімен II ғасырдың бас кезіндегі уақығалары туралы анық мәліметтер береді.

Бірақ, амал не, Полибийдің шығармалары толық күйінде біздің кезімізге дейін келіп жеткен жоқ. Толық сақталғаны тек алғашқы бес кітабы ғана, оларда негізінен алғанда, Пуни соғыстары туралы басталып баяндалады және Канна ұрысымен аяқталады. Полибий еңбегінің өзге кітаптарынан тек үзінділері ғана сақталған.

Посидоний Эллинизм заманындағы басқа грек тарихшыларының ішінде Посидонийдің ерекше үлкен маңызы болды. (Біздің эрамызға шейінгі 135—45 ж.ж.). Оның бізге дейін келіп жетпеген «Тарих» атты зор еңбегі, Полибийдің «жалпы тарихының» жалғасы сыяқты болды. Полибийдің еңбегіндегі сыяқты Посидониде де Рим

¹ *Polub*, VIII, 1, 3 (Мищенко, VIII, 5, 3).

ерекше маңызы бар (оларда Греция мен Римнің көрнекті қайраткерлері салыстырылады). Ұлы адамдардың тарихтан ерекше орын алатынын мойындау және дарашылдықты дәріптеу, империя заманындағы кейбір басқа жазушылар сыяқты Плутархтың көзқарастарына да тән нәрсе.

Плутархтың пікірі бойынша, өмірбаянын құрастырушының мақсаты тарихшының міндеттерінен өзгеше. Өмірбаяншы адамның міні мен ізгілік қасиеттерін ашуы керек, ал бұл үшін ол тек тамаша ерлік істерге ғана көңіл бөлмеуі қажет: «Адамның мінез-құлқын ондаған мың өліктерге душар еткен ұрыстан да, көбінесе болмашы әрекет, сөз немесе әзіл жақсырақ көрсетеді».¹

Плутархтың мінездежелері көп жағдайларда мадақтау сыйпатында болады. Бұл арада бір айта кететін нәрсе, Плутархтың пікірінде көбіне дәйектілік жоқ. Мысалы, ол Цицеронның өзіне арналған өмірбаянда және Антонийдің өмірбаянында Цицеронға әртүрлі міндездеме береді. Плутархта моральдық міндеттер ең алда тұрады, бұл міндеттер Рим тарихшыларына қарағанда, онда көбірек атап көрсетіледі. Плутарх үшін тарихи шындық негізгі міндет болып саналған жоқ және ол, тіпті, объективті шындықты табудың мүмкіншілігіне күдіктенеді.

Плутарх римляндар мен гректерді салыстырғанда бұл халықтардың рухани туыстығын атап көрсеткісі келді. Плутарх үнемі бір саяси көзқарасты жақтаған адам емес. Ол Рим аристократтарының арасында жүрді және солардың ықпалында болды, бірақ оның идеологиясына монархияны жақтаушы эллинистік саяси теориялар да әсер еткен. Ол Римнің республикалық шын ізгіліктерін де бағалады, бірақ сонымен қатар монархияның қажеттігін де мойындайды. Плутархша жеке адамның қасиеті оның саяси ролімен емес, мінез-құлқымен анықталады. Мысалы, Плутарх көтеріліс жасаған құлдардың көсемі Спартақты жоғары бағалады. Бұл мәселеде Рим заманының эллинизм енген интеллигенциясының кейбір уәкілдеріне тән гуманизм байқалады. Плутарх сол топтың сенімін және ескі нанымдарын қостайды. Ол өзінің еңбектерінде дінге үлкен орын береді. Ол жеке тарихи уақығаларға байланысты түрлі белгілер мен нышандар, кереметтер туралы көп жазды. Плутархтың «Параллель өмірбаяндарының» бүкіл субъективтігіне қарамастан, Рим тарихшысы үшін маңызы өте зор.

Плутарх орасан зор білімді адам болған. Ол толып жатқан грек және Рим авторларының еңбектерін пайдаланған. Ол уақығаларды дәл баяндауға тырысады, бірақ оның мәліметтерінің бәрі бірдей дұрыс бола бермейді, өйткені ол үнемі сенімді деректерді пайдалана бермеген. Біріне-бірі қайшы келетін мәліметтер, кездескен жағдайларда Плутарх оларды зерттемей, өзінің алған бағытына сай келетін хабарларды ғана тандап алып отырған.

¹ *Plutarchus, Alexander, 1.*

Аппиан Біздің эрамыздың II ғасырының екінші жартысында Рим тарихы жөнінде грек тілінде жазылған маңызды едеулі еңбек пайда болады. Оның авторы грек Аппиан Александрияда туды, өзінің туған қаласында құрметті қызметтер атқарды, бірақ халық көтерілісі кезінде ол туған қаласынан қашып кетеді. Римде ол Рим азаматы правосын алып, әуелі фиск адвокаты, сонан соң прокуратор болып істейді. Аппианның еңбегі типі жөнінен Полибий мен Диодордың бүкіл дүниежүзілік тарихтарына жақындайды, алайда материалдарды бөлуге оның негізіне хронология тәртібі емес, территория принципі алынған. Аппенин Рим империясының жеке облыстарының римляндарға қарсы күрестерінің бас кезінен бастап оларды Римнің біржолата жаулап алғанына дейінгі тарихын береді. Бізге дейін келіп жеткендері Испания соғыстарының — Ганнибалға қарсы соғыстар мен Африкадағы соғыстардың — тарихы (Карфаген мен Нумидия) және Сирия соғыстарының тарихы. Басқа кітаптарынан (патша дәуірі туралы, Самнит соғыстары туралы және тағысын-тағылар) тек үзінділері ғана сақталған. Аппиан еңбектерінің бәрінде де белгілі римшілдік бағытты ұстанады. Рим тарихының ұлылығына таңғалу тарихпен шұғылдануыма себеп болды дейді ол еңбегінің басында. Басқа халықтардың Римге бағынуын ол дағдырдың жазуы деп санаған.

Аппиан монархиялық тәртіптерді жақтаған; ол Цезарьді өлтіруді күна, жауыздық іс деп санайды, ал Цезарь үшін кек алу оған әділетті іс сыяқты болып көрінеді, алайда ол кейбір республикашыл қайраткерлерді де жоғары бағалайды. Ол тарихи уақыттарға түсінік берген кезде өзінен бұрын болып өткен тарихшылар сыяқты моральдық тенденцияларға онша көп орын бермейді, Аппиан еңбегінің артық жері де міне осы. Басқа Рим тарихшыларына қарағанда ол тап күресінің алатын орнына үлкен көңіл бөлген. Бұл әсіресе азамат соғыстарын суреттеуінен айқын көрінеді. Маркс 1861 жылы 27 февральдағы Энгельске жазған хатында былай дейді: «... дем алу үшін кештерде Аппианның грек тілінде жазылған «Римдегі азаматтық соғыстарымен» шұғылдандым. Өте бағалы кітап. Ол Египетте туған. Шлоссер оның «жаны жоқ» дейді, олай дейтін себебі, мұның осы азамат соғыстарының материалдық негіздеріне жетуге тырысқандығы болу керек»¹. Аппианды Энгельс те жоғары бағалады: «Рим республикасының түп негізінде болған күрестерді суреттеген ертедегі тарихшылардың ішінен тек Аппиан ғана бізге, ол күрестер не үшін жүргізілді, жерді иелену үшін жүргізілді, — деп айқын және ашық айтады»².

¹ К. Маркс және Ф. Энгельс, таңдамалы хаттар, Госполитиздат, 1941, 121-бет.

² К. Маркс және Ф. Энгельс, шығ., XIV том. 673-бет.


Аппиан өзінің еңбектері үшін көп материалдарды пайдаланған. Республика заманындағы соғыстар тарихы жөнінде ол Полибий мен Тит Ливийдің шығармаларын кең түрде пайдаланған, азамат соғыстарының тарихында бізге белгілі деректермен қатар, бізге дейін келіп жетпеген шығармалардан да материалдар алған (Августың өмірбаяны, Азиний Полионның еңбегі, тағысын-тағылар). Бірақ Аппиан өзінің деректерін онша ұқыпты түрде пайдаланбаған: кейбір уақығаларды баяндауда, уақыты және адамдардың аты жөнінде шатастырған жерлері аз емес, онда уақығаларды ретімен көрсету тәртібі де ылғый айқын бола бермейді, география жөнінде де анық емес жерлері бар. Аппиан — тыянақты, бір пікірде болмаған адам. «Азамат соғыстарының тарихында» әртүрлі тенденциялар кездеседі. Мысалы, Цезарьді ақтаумен қатар, ол Брутты да жоғары бағалайды; Октавианды қорғаумен бірге, кейбір жағдайлар да Антонийді мақтайды. Аппианның шығармаларында риторика ықпалы көбінесе сөйленген сөздер құрамынан көрінеді, мұндай сөздер «Азамат соғыстары тарихының» үшінші кітабында әсіресе көп.

Дион Кассий Дион Кассийдің «Рим тарихы» ертеде көп данқы шыққан еңбек (біздің эрамыздың 155 — 235 жылдары шамасы). Дион Кассий Кокцеян, эллинденген Шығыс калаларында туған адамдарды сенат составына енгізе бастаған кездегі, Антониндер тұсында пайда болған сенаторлық шонжарлардың қатарына жатады.

Дион Кассий Никейде туып, риторлық білім алған, екі рет консул болып, түрлі провинцияларды басқарған. 80 кітап болып шыққан «Рим тарихын» ол 22 жыл бойы жазған. Ол Эней туралы ертегіден бастап біздің эрамыздың 229 жылымен аяқталады. Автор өзінің бұл еңбегі жөніндегі қызметін өлері алдында ғана бітірген. Бізге бұл еңбектің 36-кітабынан 60-кітабына дейін толық келіп жеткен (Республиканың соңғы және Империяның алғашқы он жылдары), алғашқы кітаптарынан үзінділері ғана қалған, ал 61-кітабынан 80-кітабына дейінгісі Византия монағы Ксифилиннің (XI ғасыр) қысқартулары мен Зонардың (XII ғасыр) мәліметтер есебінде алған үзінділер күйінде келіп жеткен.

Дион Кассий баяндау мәнерінде Полибий мен Фукидидке еліктейді, алайда бұл еліктеу көп жағдайларда тек сыртқы көрініс қана болған. Дион Кассийде ойлап айтылған тарих философиясы болмайды, тарихи процесс ақыл жетпейтін нәрсе болып қалады, оны адам санасы түсіндіре алмайды, уақығалардың Дағдыр мен жаратылыстан тысқары күштерге тәуелді болуы мүмкін. Дион Кассийдің, тіпті өзінің еске түсірулері негізінде жазғандарында да кереметтер көп кездесе береді. Дион Кассий, өзінің айтуы бойынша тарихтық еңбектер жазуға түсінде келген Дағдырдың әмірімен кіріскен; оның шығармаларының мәңгі жасайтындығын айтып берген сол дағдыр-мыс.

Шыққан тегінің грек екеніне және грек тәрбиесін алғанына қарамастан, Дион Кассий Рим аристократтарының көзқарастарын жақтайды, алайда оған біздің эрамыздың II ғасырындағы гректік саяси публицистика да әсер еткен. Дион Кассий Республика кездерін, әсіресе ертедегі республиканы мадақтайды, бірақ монархияға көшуді лажсыз нәрсе деп санайды. Билеудің ең жақ-



сы түрі қандай болу керек деген мәселе жөніндегі оның пікірлері Агриппа мен Меценаттың Августқа арнап сөйлеген сөздерінен көрінеді; Агриппа республиканы қайта орнату керек дейді, Меценат билеудің монархиялық түрін орнату керек дейді. Меценаттың сөзінен, Империядағы жоғарғы басшы орынның құрметті жағдайын сақтаушы, сенат сайлайтын императорды көксеген Дион Кассийдің саяси көзқарастары көрінеді.

Дион Кассийде де риторика үлкен орын алады. Кейде ол әсерлі ету үшін уақығалардың өңін айналдырып, тіпті едәуір өзгертіп те жібереді. Тарихи қайраткерлердің сөздері Дион Кассийде өте ұзын болып келеді.

Дион Кассийдің деректері туралы мәселе—өте күрделі мәселе. Оның өте көп мәліметтерді пайдаланғаны күмәнсіз, ол мәліметтерді бізге дейін келіп жеткен тарихтық шығармалардың шеңберіне сыйғызуға болмайды. Римнің ертедегі дәуірлері үшін, ол аға анналистердің шығармаларын пайдаланды. Кейбір бөлімдерде (республиканың соңғы ғасырлары) ол Ливийдің ізін қуады, бірақ басқа авторлардың еңбектерін де пайдаланған, әсіресе азамат соғыстарына арналған кітаптарында осылай еткен. Империя тарихы жөнінде Дион Кассийге дерек болғандар—көбінесе тарихи шығармалар; әсіресе оның Август тарихы жөніндегі материалдары өте көп болған.¹

Христиандық тарихнаманың басталуы. Евсевий

IV ғасырда христиандық тарихнама жарыққа шықты. Император Константинге жақын болған Палестинадағы Кесария қаласының епископы Евсевий 10 кітап етіп «Шіркеу тарихын» жазып шығарды. Евсевийдің еңбегі ең алдымен шіркеу тарихы үшін маңызды; Рим империясының саяси тарихы үшін маңызы бар III ғасырдың екінші жартысындағы императорлар туралы еске алған жерлері. Мадақтау ретінде жазылған император Константиннің өмірбаянын да Евсевий жазды. Мұнымен қатар Евсевий «Хроника» атты синхронды түрде баяндалған бүкіл дүние жүзі тарихының уақығаларына шолу жазды. Кейін «Шіркеу тарихын» да, «Хрониканы» да жалғастыра жаза берушілер табылды. Бұл еңбектер латин тіліне аударылды.

IV ғасырдағы Рим тарихнамасы

Рим империясының тарихы жөніндегі деректердің ішінен «Scriptores historiae Augustae» (Августар тарихын жазушылар) деп аталатын жыйнақта басылған императорлардың бірсыпыра өмірбаяндары ерекше орын алады. Бұл жыйнақта императорлардың өмірбаяндары берілген, олар Адрианнан бастап Нумерианмен аяқталады. Бұл өмірбаяндарды құрастыру ісін алты тарихшыға тапнады (Элий Спартиан, Вулкаций Галликан, Элий Лампридий, Юлий Капитолин, Требеллий Поллион және Флавий Вописк), бірақ аттарынан басқа бұлар туралы ешбір дерек жоқ. Бұл өмір

¹ Марк Аврелидің өлімінен кейінгі 238 жылға дейін болған уақығаларды Сириялық грек Геродиан жазған. Соңғы дербес грек тарихшысы Дексипп болған, оның «хроника» атты (Ерте уақыттардан Аврелианға дейін) және «Варварларға қарсы соғыстар тарихы» (*Scythica*) деген шығармаларына тек кейбір үзінділері ғана келіп жетті.

баяндардың біреулері император Диоклетианға, басқалары — Константинге арналған. Бұларды тарих шындығына ешқандай қатысы жоқ, кейіннен пайда болған фальсификация деген жорамалдар да болды. Алайда бұдан гөрі дәлелдірек басқа пікір де бар. Бұл қызықты болу жағын ғана көздеген қарапайым шығармалар әртүрлі өтірік-жалғаны аралас, ойдан шығарылған, шамалы деректер негізінде жазылған. Бұл жыйнақ бірнеше рет жөнделген және бізге IV ғасырдың аяғындағы редакциясында келіп жеткен болу керек. Императорлардың өмірбаяндары сенімді дерек емес, бірақ амал не, кейбір жеке дәуірлер үшін бұлардан басқа ешнәрсе де жоқ.

IV ғасырдағы тарих әдебиетінің өзіне тән белгісі әртүрлі қысқартулардың пайда болуы. 360 жылдар шамасында Африкада туған *Секст Аврелий Виктор* Рим императорларының қысқаша өмірбаяндарын («*De Caesaribus*») жазып шығарды. *Евтропийдің* 367 жылдар шамасында император Валенттің тапсыруы бойынша жазған құрастырмасы атақты шығарма болды. Он кітап болып шыққан *Евтропийдің «Breviarium historiae Romanae»* атты шағын шығармасы Рим қаласының орнауынан бастап император Валент билік құрған кездерге дейінгі (364—378 жылдар) бүкіл Рим тарихын қамтыды. Көп ғасырлар бойы бұл еңбек Рим тарихы жөніндегі жалпы қабылданған оқу құралы болып келді.

IV ғасырда Рим империясының қалың бұқараларының арасына христиандық кең тараса да, аристократтар мен интеллигенцияның арасында дәстүрлі дінді жақтаушылар аз болған жоқ. Бүкіл IV ғасырдың бойында жаңа дінді жақтаушылар мен ескіні қолдаушылардың арасында шиеленіскен айтыстар болып отырады.

IV ғасырда жалпы тарихнама әлі де болса пұтқа табынушылық сыйпатында қала берді. Бұл кезде латиндық шығармалардың маңызы қайтадан күшейе түседі.

Аммиан Марцеллин Рим және бүкіл антикалық тарихнаманың соңғы ірі уәкілі Аммиан Марцеллин болған (330—400 жылдар шамасы). Ол Антиохияда грек шонжарының семьясында туады. Жас кезінен әскер қызметіне кіріп, Юлиан Отступниктің парсыларға қарсы жорығына қатысады. Персиядан қайтқан соң, Аммиан отставкаға шығады, сонсын ол әуелі өзінің туған Антиохиясында, кейін Римде тұрып, бос уақытын «Гамалдар» атты (*Regum gestarum libri XXXI*) тарихи шығарма жазу ісіне арнайды. Онда Нерв уақытынан Валенттің өліміне дейінгі (96 — 378 жылдар) Рим тарихы баяндалған. Бізге келіп жеткені 353 жылдан 378 жылға дейінгі заманды қамтыған соңғы кітаптары (14—31). Аммиан Марцеллинге үлгі болған Тацит. Аммиан өзінің баяндауын Тациттің «Тарихы» үзілген жерінен келіп бастайды. Баяндау әдісінде, материалдарды жіктеуде және тарихи адамдарды сыйпаттауда Аммиан Тациттің ізін қуады, алайда бұл жай, қарапайым еліктеушілік те емес. Аммиан өз міндеттеріне ұқыпты қарайтын өз алдына дербес тарихшы. Ол тарихты құр тек анекдоттар жыйнағы деп қарауға үйренген сын-

шыларға қарсы наразылық білдіреді. Аммианның пікірінше тарихшы: ұсақ мәселелерге тоқтамай, маңызды уақығаларды жазуы қажет. Шындық тарихшының негізгі мақсаты, ол оны бұрмаламауға тиіс. «Уақығалар туралы саналы түрде үндемей кететін тарихшы, ешуақытта болмаған нәрсені ойдан шығарып жазатын адамнан кем соқпайды»¹.

Аммиан тарихшыдан объективтік пен әділдікті талап етеді. Өзінің «Ғамалдарын» аяқтай келіп ол былай дейді: «мен өзімнің еңбегімде шындықты жазам деп уәде бергенмін, менің ойымша не үндемей қалып немесе жалғанды жазып, мен бұл уәдемнен саналы түрде тайған жерім жоқ қой деймін»². Бізге келіп жеткен кітаптарында Аммианның өз тұсында болған уақығалар жазылған. Түрлі ескертулерге қарағанда, бұлар уақығаларды көзімен көрген және соларға өздері қатысқан адамдардың айтуы бойынша жазылған. Автор документтік мәліметтерді жоғары бағалайды, алайда оның пікірінше архивте сақтаулы тұрған мемлекеттік ақтылар да әруақытта дұрыс бола бермесе керек.

Аммиан әскери адам болған, бұл жағдай оның еңбегіне де әсер еткен. Ол соғыс тарихына да зор көңіл бөлген. Аммиан келтірген императорлар мен қолбасылардың сөздері—көбінесе солдаттарға арнап айтылған сөздер. Ол жорықтар мен ұрыстарды толық суреттейді және бұл жөнінде ол белгілі дәрежеде өзіне үлгі болған Тациттен жоғары тұрады. Ол еңбегінің аяғында былай дейді: — «Әңгімені Цезарь Нервтің билік құрған кездерінен бастап, Валенттің өліміне дейін жеткізген бұрынғы солдат және шыққан тегі грек — менің шамама қарай баян еткенім міне осы».³ Аммиан өзі жақсы білетін Сарай тұрмысына үлкен көңіл бөлді. Қалың бұқараның өмірі туралы Аммианнан біз жүйелі мәліметтер таба алмаймыз, оның мәліметтері жеке ескертулермен ғана тынады.

Тациттің тигізген әсері Аммианның адам баласының жеке басының қасиеттеріне көңіл аударғанынан көрінеді. Оқушы алдынан әртүрлі кейіпкерлердің галереясы өтеді және Аммиан кейбір жағдайларда тек айқын штрихтерін ғана береді, ал басқа жағдайларда толық мінездеме береді. Әсіресе императорларға толық мінездеме береді. Олар императорлардың өлімі туралы хабарларда жазылған және сол өлген адамның моральдық бейнесін көрсетіп, оның істеген істеріне қортынды жасайды. Аммианның пікірінше Рим мемлекетінің көптеген бақытсыздықтарына императорлар жауапты. Оның идеалы Юлиан Отступник болған (361—363 жылдар), Аммиан оның ерлігін, терең ақылын, ескі дәстүрлерді сақтауға және қайтадан қалпына келтіруге тырыс-

¹ Ammianus Marcellinus, Res gestae, XXIX, 1, 15.

² Ibid, XXXI, 16,9.

³ Amm Marc., XXXI, 16,9.